



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ



ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№18/ (18) 25.09.2016

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!



Әр жаңа оқу жылының бастамасы – біздің шығармашылық ұжым үшін үлкен қуаныш, асыға күтетін сәт. Өйткені, өнерге етене жақын жандардың өнер әлемі мен оқу ордамызда атқарылып жатқан тың мәдени жаңалықтарын, сүбелі сұхбаттарын, мағыналы мақалалар ретін «ШАБЫТ» журналына жариялап, оқырмандарымызбен қауышар кез жақындай түседі.

Еңбектің ең үлкені – білім дегенімізбен, жаһандану заманында біліммен қатар өркениетімізді өсіріп, өрісімізді кеңейтетін мәдениет саласына да ерекше көңіл бөлінуде. Бұл тұрғыдан киелі өнер ордамызда білім алып жатқан болашақ онепаздар бүгіннен жауапкершілікті сезінулері тиіс. Оқу ордамызға жаңа қадам басқан, құрметті жас балғындар! Келешектеріңіз кемел, болашақтарыңыз нұрлы болуына тілектеспіз! Оқуда да, еңбекте де алда болайық!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

- Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты
Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистрі, театртанушы

Редакция мүшелері:

- | | |
|---------------|---|
| Бас редактор: | Гүлім Көпбайқызы |
| Тілшілер: | Нұржан Салимов
Назгүл Ақшалава
Амина Габдрашитова
Манарбек Хыдырбай
Аида Қалқатай |
| Дизайнер: | Әсет Ақмолда |
| Фототілші: | Досжан Аяған |

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77476739788

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ

Н. Абдулла	4	ӘДІЛДІК СҮЙГЕН ЖАРҚЫН ЖАН...
Б. Бекмағамбет	7	ЖҰЛДЫЗЫҢ СӨНБЕСІН, КИЕЛІ ДӘСТҮРЛІ ӘНІ
Ә. Ақмолда	10	ҚОҰЫН ДӘПТЕРДЕГІ ҚОҢЫР ОҰЛАР
М. Әбіл	11	XXI ҒАСЫР – «ЧЕХОВ КЕҮІПКЕРЛЕРІНІҢ» ДӘУІРІ
Т. Бөкеш	13	ҚЫЛҚАЛАМ ШЫҢЫНДАҒЫ – СЫР САНДЫҚ
Б. Елеусізұлы	15	СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІНЕН...
М. Ұыдырбай	16	СОҒЫР СЕЗІМ
А. Жүнісов	18	САРБАЗ САҒЫНЫШЫ
А. Оралбек	19	ЭКСПО – 2017 «БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ»
А. Бимырзаева	20	АСТАНАМ МЕНІҢ – БАС ҚАЛАМ!
Е. Сапабеков	22	«САЯҚ БАТЫР» ЖОЛ ТАРТТЫ КӨРЕРМЕНГЕ...
А. Дүнгененова	24	АСПАПТАР АЛАМАНЫ
Л. Алпысбаева	25	БІЗГЕ ДЕ БІР ҚАСЫМХАН КЕРЕК ЕДІ...
Д. Арманқызы	28	МҮР НЕ БЕЗ ТАЛАНТЛИВЫН ЛЮДЕҮ
А. Аймағамбет	29	САХНА ТІЛІ. ОНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Әділдік сүйген жарқын жан...

Үнемі жүзі жайсаң, ақкөңіл жанның табиғаты қашан да көктемнің шуағындай жарқырайды. Әңгімелескелі отырған кейіпкеріміз – Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Театр, кино және ТД» факультеті, «Актерлік өнер және режиссура» кафедрасының аға оқытушысы, танымал актер әрі режиссер **САЙЛАУ ҚАМИЕВ**.

- Актер мамандығына келуіңізге кімнің әсері болды?

- Менің актер болуыма туған ағам себепкер болды. Ағамның есімі – Боранбай Қамиев. Ол актерлік мамандықты аяқтағаннан кейін мемлекеттік қызметке кеткен болатын. Дегенмен, әлі күнге дейін арамыздағы әңгіме сол өнер жайында өрбиді. Жас айырмашылығымыз – он жас. Ол Алматыдағы театр және кино институтында оқып жүрген кезде жазғы демалысқа үйге келетін. Сол кезде оның ән салатынына, өлең оқығанына қатты қызығатын едім. Сөйтіп, мен бесінші-алтыншы сыныпта оқып жүргенімде, актер боламын деп шешім қабылдадым. Тіпті, сол кездегі «Кім болам?» деген шығарманың өзіне «актер боламын» деп жазған екем. Бұл әрине, есімде жоқ, кейінірек сынып жетекшім айтып берді.

- Егер де өнер адамы болмасаңыз, қандай маман иесі болар едіңіз?

- Өзімді өнерден басқа салада елестете алмаймын. Сегізінші сыныпта оқып жүргенімде, қасымдағы жан-жолдастарыммен арман қуып, әскери мамандықты тандаймыз деген шешімге келген болатынбыз. Сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін, Шымкент қаласындағы әскери училищеге кетіп қала жаздаған кездерім болды. Әлгі әскери нормативтер болушы еді ғой, содан ең жоғарғы ұпайда тапсырғаныммен, қасымдағы екі-үш жігіттің ата-анасы қарсылық танытқаннан кейін, мен де бұдан бас тарттым. Егер де, сол кезде олар да баратын болғанда, кім білсін, әскери адам болып кетер ме едім?..

- Балалық шақтағы қызықты естеліктеріңіз бар болса, әңгімелеп берсеңіз.

- Менің балалық шағым Атырау облысы Индира ауданының Жарсуат деген ауылдық жерінде өтті. Өзі бір жел тұрса, шаң көтеріліп, жаңбыр жауса батпақтанып кететін ерекше ауыл болатын. Балалық шақ әрқашан ыстық қой! Әлгі, бос қалған көліктің дөңгелегіне құм толтырып алып, дөңгелете итеріп жіберетінбіз де, бұрқыраған шаңның артынан қалмастан, топырлап жүгіретінбіз. Ішіндегі құм таусылғаннан соң, жаңағы дөңгелегіміз тоқтайды. Бір-бірімізге қараған кезде, жылтыраған көздеріміз ғана көрінетін. Қалған жеріміз қап-қара, шаң-шаң. Оған ішек-сілеміз қатып, күліп аламыз.

Сайлау Қамиевтің жанарынан балалыққа деген ыстық махаббат пен сағыныш лебі сезіледі. Оның ерекше эмоцияға беріле баяндап берген әрбір оқиғасы кімді болмасын таңдандыратыны анық. Құдды бір, жанды суреттің ішіне еніп кеткендей әсер аласың. Біраз ойланып тұрып сөзін былай деп жалғады:

- Тағы қандай қызықтар бар еді?! Кешкілік маза бермейтін масадан қашқан түйе көше бойы жүгіретін. Содан барлық ата-ана балаларына қарай жан ұшыра шаба жөнеледі. Шыны

керек, сол түйенің табанының астында жүрдік қой. Анау (түйе) шандатып қашқан кезде, біз де масалатып жүгіретін едік.

Бұл сұрақ кейіпкерімізді тереңге бойлатты ма, әйтеуір, алыстағыны еске алып, ақтарылып-төңкерілуге мәжбүр етті.

- Ауылымыз Жайықтың жағасында орналасқан. Ата-анамыздан қашып, сол Жайыққа барамыз. Жол бойы алдымыздан жоғарғы сыныптың балалары кезіксе, желкеден ұстап алып, өзеннің бойламайтын жеріне апарып, лақтырып жіберетін еді. Содан несіп айтасыз, жан керек, жүзіп жағаға шығатынбыз. Сөйтіп, жүзуді де үйрендік қой. Үйге келгенде әке-шешемізге Жайыққа барғанымызды білдірмеуге тырысатынбыз. Өйткені, Жайық өте қауіпті өзен болды. Себебі, талай адамдар, әсіресе балалар көз алдымызда суға кетіп жатты. Сондықтан да, бізге көбінесе тыйым салатын. Содан анамыз «бері кел!» деп, шақырып алатын да, қолымызды тырнағымен сызып көретін. Жайықтың суы лай болғандықтан, денеміз жарылып, із түсетін. Сол із түскеннен Жайыққа барғанымды біліп қоятын. Ешқашан алдай алмайсың.

- Сіздің жаныңызға не жақын, не алыс?

- Жаным әділдікті сүйеді. Шамам келгенше, әділ болуға тырысамын. Соңғы кезде педогогикамен айналыса бастадым. Әділеттілік жаныма одан сайын жақын бола түсті. Өйткені, топтағы әр балаға деген көзқарасың, бір баланы екіншісінен артық көру, біріне әділетсіздік көрсету – тайға таңба салғандай айқын көрініп тұрады және бұл олардың көңіліне қаяу түсіреді. Ал, мен бұны қаламас едім. Егер, тіпті әділ жазалап жатсаң да, онда олар ешқашан ренжімейді. Себебі, әділдік әрқашан дұрыс шешімге жол бастайды.

- Кімді сүйіп оқисыз?

- Әдебиет – менің жанымның бір бөлігі. Мектепте оқып жүрген кездегі оқулықтар бағдарламасына енгізілген шығармалар мен үшін аздық етті. Үзіндісін ғана ұсынатындықтан, әдебиеттің толық нұсқасын тауып алып, түгел оқып шығатын едім. Кітап оқығанды сүйетінім соншалықты, қатар өскен әпкеммен кітап үшін таласқа түсіп, оны ренжітетінмін. Күш жағынан менен әлсіз болғандықтан, керек кітаптарды тартып алып, жылатып қоятын кездерім де болатын. Сөйтіп жүріп ауыл кітапханасындағы кітаптарды түгелдей оқып шықтым. Ол кезде мен тек бір тілде оқитынмын. Бердібек Соқпақбаев, Сайын Мұратбеков, тағы да басқа балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын сүйін оқыдым. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» сегізінші сыныпта жүргенде оқып бітіргеніммен, аса түсіне алмағанымды жасырмаймын. Одан кейінгі менің әдебиетке деген сүйіспеншілігім бертін келе Т. Жүргенов атындағы өнер академиясында білім алып жүргенімде ашылды. Ол жерде енді орыс тілінде оқуды бастадым. Мен үшін әлем әдебиетінің есігі ашылды. Мопасан мен Дьюманың, Джек Лондонның шығармаларын орыс тіліндегі аудармаларын оқып шықтым. Орыс тілін жетік білмесем де, сол әдебиеттің күшімен өзіме жат болған тілдің сырын ұғына бастадым. Бұл біріншіден. Екіншіден, салыстыра баға беруді үйрендім. Ағылшыннан орыс тіліне, орышадан қазақша аударылған шығармалардың сапасы едәуір төмендеп кетеді екен. Ал, ұлы классиктерден Ш. Айтматов пен М. Мағауин, А. Чеховтың пьесалары мен әңгімелерін сүйіп оқимын.



- «Мамандығыма сатқындық жасамадым...» депсіз бір сұхбатыңызда. Осы сүйікті мамандығыңыздың әкелер табысы көңіліңізден шықпай, өкінген сәттеріңіз болды ма?

- Иә, шыны керек, жасырмаймын, қаражат жағынан қысылған кезіміз болды. «Бәйтерек» тобын құрған кезімізде көп қаражат табу жағынан болсын, танымалдылық жағынан болсын кең жолдар ашыла бастады. Топ мүшелерінің де әншілікпен бірге театрдағы актерлік өнерін де қатар ұштастырып жүрген өнерпаздар. Сондықтан, театрдағы қойылымның тұсаукесері мен бір жылдық жалақымызды өтейтін концертіміз қатар келіп қалған кездер болды. Біздің, әрине, театр үшін концертті құрбан еткен кездеріміз де болды. Осындай жағдайларға көз салып, «біз ешқашан да өз мамандығымызға сатқындық жасаған емеспіз» деп сеніммен айта аламын. Мен бұл жерде қасымдағы әріптестерім Ерлан мен Нұркеннің атынан да сөйлеп тұрмын. Бұған байланысты келтірер дәлелдер өте көп. Шоу-бизнесіте де көп жетістікке жетпегеніміздің себебі сол болар деп ойлаймын. Бірақ, басынан-ақ «біз эстрада жұлдызы емеспіз, біз театр актеріміз» деп басын ашып алған болатынбыз. Театр сахнасы өте күдіретті. Оның бір дәмін татқаннан кейін, оңайшылықпен тастап кету мүмкін емес. Мамандыққа деген ерекше сүйіспеншілік пен адалдық осылай бағаланса керек.

- «Ұлы ұстазым» деп кімді пір тұтасыз?

- Мен көп ұстаздардан тәлім алдым. Вокалдан Ермек Серкебаев болса, сахна тілінен ұстазым Мұрат Әбзелбаев. Сосын Кәукен Кенжетәев пен Есім Сегізбаевтың шеберханасынан дәріс алдым. Ғылыми жетекшім, ақылшым деп Еркін Жуасбековті айтар едім. Ал енді, ұстазым деп пір тұтқан тұлға – Аманғелді Сембин болатын. Мен театр саласына Е. Серкебаевтың шеберханасынан консерваториядан келдім. Маған вокал бойынша дәріс берген А. Сембин болды. Ол кісінің сабақ беру тәсілі ерекше. Терең білім иесі. Мәскеу консерваториясын бітіріп, Ла-Скалада тәжірибеден өткен тұңғыш қазақ. Түсіндіргенде жанын салатын. Өзі де кішіпейіл, кей кездері құрдасындай сырласып, ақыл қосатын. Мені ерекше жақсы көрді. Дәріс кезінде уақытқа қарамайтын. Кейде ән айтып, тіпті уақыттың қалайша зымырап өткенін байқамай да қалатынбыз.

- Болашақ жастарға сенесіз бе? Жас буын өкілдеріне қандай өсиет қалдырар едіңіз?

- Тек талаптылық пен еңбекқорлық қана көпті қарата алады. Жастар талаптылыққа ұмтылған жағдайда ғана білік шындарды еріксіз бағындыратыны сөзсіз.

Әділдікті жанынан артық сүйетін кейіпкеріміз – Сайлау Қамиевке өнер атты сұлу әлемнің қайталанбас сұңқары деп баға берсек, еш кәтелеспегеніміз болар еді. Өзіндік тәсілі мен ұстаздық әдісі қалыптасқан өрісті тұлғаның алдағы мақсаттары мен арман-тілегі келешек ұрпақтың қамы. Жас буын өкілдеріне тарих беттеріне жазылмай қалған тұстарын көркем туындыт деңгейіне жеткізіп, барынша қасиетті театр сахнасының төріне әкелуді өзінің басты міндеті деп санайды.

Сұхбаттасқан: Нұргүл АБДУЛЛА

Жұлдыздың сөзбесін, киелі дәстүрлі ән!

Бүгінде ағаң болдым төр алдында,
Бір кезде Ақан едім аспандағы...

Ақан Сері... Ақан Тағдыр... Ақан Ән... Бір ұғымның астында бір ғасырға татитұғын қаһарман тағдыр бұғып жатқандай! Өмірінің бұралаң бұрылыстарына тап болған, қилы ғұмырдың асау толқындарына қарсы жүзіп, аласапыран, алмағайып өмір белесі ән боп үзіліп түскен қайран Сері ғұмыр-ай, десеңші!

Иә, XIX ғасырдың II жартысында Ұлы Қазақ даласын киелі әнмен тербетіп, ғасырдың ән қойнауына құбылыс боп енген өнерпаздың өрелі шығармасы халық жүрегінен ойып тұрып орын ала білді. Оның әндері сырлы тылсым күш іспетті. Жан-дүниеге тереңдей еніп, көңіл пернесін мың құбылтып, мың құлпыртып дөп басады. Шығармаларының күдіреттілігі соншалық – әннің әуезі мен сөздерінің үйлесімділігі тұтас бір арнаға тоғысып, сарқыраған өзендей жүрегіне кеп құйыла кетеді. Жаттамасаң да, жадында сақталады. Тебірентеді. Егілтіп-елітеді. Ән күдіреті деп осыны айт! Ақан Сері – қазақ ән тағдырының мандайына



біткен шоқ жұлдызы. Қазақ тарихына алтын әріпшен қашалған ұлы тұлға. Оның күллі болмысы, сүрген ортасы, тағдыры, әуелеген әні де – сұлулықтың символындай. Сондықтан әншінің өлшеусіз өнері талай зерттеушілердің еңбектеріне мұрындық болды. Айталық, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы, Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» драмасы, Сыдық Мұхамеджановтың осы аттас операсы, Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» атты романдары бар. Серінің бір басына жетерлік қайғы мұңы, әлжуметтік ортасы, баянсыз махаббаты көмейінде әнге айналып, көкірегінен нөсерлеп төгілгендей. Мерт болған әйгілі Құлагер тұлпардың өлімі ащы шер боп жүрек қылын қозғайтын коркем шығармаға айналды. Белгілі жазушы Ілияс Жансүгіров: «Кезінде Сері болсын, пері болсын, ұнайды өмірімен Ақан маған» деп, Ақан Серінің ертегіге ұқсаған сырбаз өмірін әспеттей жырлаған еді. Расында, Ақанның күллі ғұмыры кейіпкерлері мінезді, желісі пытырман, оқиғасы қым-қуыт әсерлі ертегіге ұқсайды. Қуаныштан өкінші көп, шаттықтан бақытсыздығы мол мұңды ертегі. Оқыған адамның ой елегін бей-жай қалдырмай, елең еткізерлік ойы бар мәнді ертегі... Шығармалары ұлттық болмысты сипаттап, шарқ ұра шындық іздеген ақын жүрегі өмірден қапа болса да, өнерден түңілмеді. Ғасыр алмасып, жылдар жылжыса-дағы Ақан Сері шығармалары өміршен туындыға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа қазына болып қала береді.

Сол асыл қазынамызбен сусындатып, ұлттық рухымыз бен қазақы қасиетіміздің жігерін жанитын кейінгі толқынның өнерлі буыны өсін келе жатқандығы көңіл қуантады. Ресеймен шекаралас жатқан Қызылжар қаласында дәстүрлі ән өнерінің өлшеусіз қазынасын көзінің қарашығындай қорғап, қалың жұртшылықтың санасына сөуле сыйлау жолында ел үшін еңбек етіп жүрген Солтүстік Қазақстан облыстық «Сегіз Сері» атындағы халық аспаптар оркестрінің мүшелері Жанат Айтбаев пен Біржан Есжанов бастаған өнерлі жастар Ақан Серінің шығармашылығына арналған концерттің шымылдығын ашты. Көрермен залына жиылған халықтың қалың қарасын көріп, ұлттық өнердің жұлдызы жоғары жарқырағандығының тағы бір мәрте куәгері боп қайттық. Жиылған жұртшылықты әуелі Ақан Серінің шығармашылығымен таныстыруды мақсат еткен жас та болса, талабы заңғар Біржан Есжанов кеш тізгінін өзі басқарды. Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі ән» бөлімін төмамдап, туған жердің рухани тұрғыда қанат жаюына білек сыбана кіріскен өнерпаздың нысанасы айқын екендігін аңғару қиын емес. Мақсаты – нық, арманы – асқақ. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» демекші, өзі де Алаштың айбозы атанған Қазақстанның Халық артисі Қайрат Байбосыновтың төл шәкірті екен. Біржан Есжановтың студент шағында жас дарынның қарымын сайыстардың бірінде байқап қалған қырағы көзді театр сыншы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Тәуелсіз Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері Әшірбек Сығай: «Арқаның дүлей дауысы» деп, зор баға бергендігіне куәгерміз. Ұмытылып бара жатқан ұлттық өнердің ұлағатын ұрпаққа аманат ету жолында аянбай тер төгіп жүрген дарын иесі болашақта да осы сынды дәстүрлі ән кештерін көптеп өткізуді жоспарлап отыр. Солтүстік Қазақстан облыстық көлемінде былтырғы жылы Біржан салдың шығармашылығына арналған ән кеші әуелеген болатын. Халықтың талғамына қарай ыңғайланбай, керісінше, талғамды дұрыс қалыптастыруды жөн санап, ағысқа қарсы жүзе білгендігі көңілге медеу сыйлағанын жасырмаймын. Бұл – игіліктің бастамасы деуге саяды. Қызылды-жасылды дүниенің қызығына арбалып, жеңілдің желөкпесіне тоналған бүгінгі ән өнерін бағамдар болсақ, көңіл құлазитыны жасырын емес, өрине! Сөздері жеңіл ұйқас, жетім ұйқасқа құрылған әндер көп. Тіпті, республика көлемінде дәстүрлі ән өнерінің тағдыры алаңдатарлық мәселе екендігіне дауымыз жоқ. Оған қоса, «Тел қоңыр», «Сегіз қырлы» сияқты салиқалы тақырыпқа саятын салмақты бағдарламалар легі бәсеңсін, орнына шуы мол «шоулар» қаптап кеткендігін жасыра аламыз ба?! Міне, осы сынды түйткілді мәселелердің бәріне болмасын, біріне қасқайып қарсы тұрар, рухынды көтерер әуезді кеш, тағылым сыйлар өдемі жиын Қызылжар қаласындағы Жастар сарайының сахнасында жұлдыздай жарқ етті. Қалың тобырды адастырмас Темірқазық сынды бағдар бергендей, есеңгіреген елдің еңсесін көтерді, есін жиды! Көмейіне құдірет қонған киелі қара домбырадан төгілген әуезді сарын, Ақан тағдыры жайлы сыр толғады, өткен ғасырдың жаңғырығын әр тындарманның құлағында жаңғыртты. Әсіресе, ата-анасына ере келген жас балалар бұл кештен қайтарында парасат шуағын үлесін ала кететіндіктерінде шүбә жоқ еді. Әлбетте, «Тәрбие басы – тал бесік». Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десен, бесігіңді түзе» дегені осы болса керек. Ұлттық өнердің асыл құндылығын кейінгіге аманат ету жауапты іс болса керек.

Осылайша, күмбірлеген домбыраның ән өлкесіне саяхат басталды. Концертте өз өнерін халыққа паш еткен жас дарын, Қызылжар қаласындағы өнер колледжінің түлегі Ғалымжан Нұрпейісов Ақан әнін домбырамен әндетуі өз алдына, сырнайменен Ақжігіт Қорамсаұлының «Шырмауық» әнін аспандатып орындады. Ән мағынасын терең түйсініп, жүрекпен жеткізе білген жас әнші кешке жиналған қауымның ыстық ықыласына бірден бөленгендігі хақ. Қазақ ұлттық өнер университетінің тағы бір талантты түлегі, биыл ғана аталмыш оқу ордасын тәмамдап, туған елге қызметке келген дәстүрлі әндерді орындаушы Олжас Сұрағанов Ақан Серінің әндерін құбылта, құйқылжыта шырқап, халықтың ізгі қошеметіне бөленді. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының түлегі, бүгінде аталмыш ансамбльдің мүшесі Еркебұлан Қарыпов Ақан Серінің ел арасында кеңінен танылған «Балқадидиша» әнін жүректен жүрекке жеткізе, көңіл пернесін шымырлата басып, әсем орындады. Облыстық Сәбит Мұқанов атындағы қазақ-сазды драма театрының актерлері Балқадидиша мен Ақанның кездесуінен үзінді қойылым жасады. Ақан Серінің ел ағасы болған жасын кескіндеген актер Болат Мамытбеков Ақанға тән кесек мінез ерекшеліктері мен серіге тән сырбаздықты дәп басты. Әсіресе, белгілі айтыскер ақын Дәулеткерей Кәпұлының:

Есілді өрлей біткен ерке мүсін,

Кім тындайды енді өмірдің ертегісін?

Бұландап асау тайдай өсті ме екен?

Жүрегін жүз қайтара өртеу үшін, – деп жырлаған сырлы поэзиясын кемеріне жеткізе оқығандығы залда отыраған әр көрерменнің сезім қылын қозғамай қоймасы мүмкін емес еді.

Сондай-ақ, Сағынай байдың асына келген әйгілі сыншы Күренбайдың Құлагер тұлпарды сынау көрінісі қойылымға өзек болды. Концертке арнайы келген қонақтардың ішінде белгілі айтыскер ақын Дәстән Баймұқанов Ақан Сері өмірі мен шығармашылығын жиылған жұртшылыққа таныстырып қана қоймай, концертті ұйымдастырып, әсерлі кеш жасаған жас өнерпаздарға алғысын білдірді. Ат төбеліндей қазағы бар аядай өлкеде шок жұлдыздай жарқ еткен Ақан сері әндерінің кеші – домбыраның күмбірімен көмкеріліп, көркемделе түсті. Оның күдіретті әр қағысы қазақ жүрегімен үндесіп, ұлттық өнердің мәртебесін аспандатқандығы хақ.

Жұлдызын сөнбесін, киелі дәстүрлі ән өнері!

Балжан БЕКМАҒАМБЕТ,
С. Мұқанов атындағы қазақ сазды
драма театрының «Әдебиет» бөлімінің меңгерушісі

ҚОҒАМ ДӘНЖЕРДЕГІ ҚОҒЫР ОҒЛАР...

Кей адамдар сенімен алғаш танысарда «құдайдай» құрмет тұтып келеді де, сен онымен бүкпесіз ашық екі-үш сағат сөйлескеннен кейін байыптылықтан өзгермегеніңе қарамай сені «алынған қамал» сияқтандырады да артық сөйлесуге заңы болмайды. Кейде тіпті адамдық құрмет сонымен аяқталады да. Өмірде бұндай адамдар бар. Оны білімсіздігі үшін тек аяу ғана керек...

(Төлеген Айбергеновтің күнделігінен)



Адам денсаулығының жиі бұзылуы оның ішкі рухының әлсіздігінен дейді. Ал сол әлсіздіктің өзі ненің салдары?

(Күләш Байсейітованың күнделігінен)



12.02.45.

Өзінің ұлтын, халқын сүйе білмеген адам, басқа ұлтты, халықты да сүйе, бағалай, құрметтей білмек емес.

Қызғаныштық жасау қолмыс. Мұны, әсіресе, көпшілік үшін, халық игілігіне керекті істе жасауға болмайды.

(Мәлік Ғабдуллиннің күнделігінен)



XXI ғасыр – «Чехов кейіпкерлерінің» дәуірі...

Шымылдық жабылды... Жарық жоғары жаққа көтеріліп, қойылым бойы тамылжымай көрермен залына қарап отырған өлі қуыршаққа түсті. Қуыршақ қолын бұлғады. Басына тақия киін алыпты. Режиссер Сергей Потаповтың жеке көрермені ме?.. Ғани баланың әруағы ма?.. Мүмкін..

Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры көрермен назарына кезекті жаңа премьеры. Қазақи шығармаға, қазақи кейіпкерлерге, қазақи қойылымға айналған спектакльде музыка мен сөз көрермен көз алдында сан түрлі пантомималық «нөмірлермен» және пластикалық «этюдтер» галереясына ұласып жатты. Драматург Антон Чеховтың «Шие бағы» пьесасының негізінде «ШИЕ» комедиясы дүниеге келді. Спектакльдің режиссері – танымал театр және кино еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ресейдің ұлттық театрларының арасында өтетін «Золотая маска» сыйлығының иегері Сергей Потапов. Ол қазақ театрына жаңа леп, өзгеше ауан алып келді. Қазақи шығармаға, қазақи кейіпкерлерге, қазақи қойылымға айналған спектакльде музыка мен сөз көрермен көз алдында сан түрлі пантомималық «нөмірлермен» және пластикалық «этюдтер» галереясына ұласып жатты.

Қойылым – бірінші кезекте уақытын ұрлатқан әйел тағдыры туралы. Уақытын ұрлату – өткенін жоғалту. Өткенін жоғалту – жастық шағын яки көктемін жоғалту, ең құнды естелігінен көз жазу... Біз, өмірді естеліктер үшін сүреміз. Туған елге барсақ, ескі үйлерге, естеліктерге қараймыз да, өткенімізге көз тастаймыз, тарихымызды тани бастаймыз, балалық шаққа сапар шеғеміз. Ал қазір қайда барсаң да, ескі үйлер жоқ, құрып кеткен. Орнына жаңа үйлер салынған, бәрі көзден ғайып болған, естеліктер, өткен күн, салт-дәстүр, ұлттық құндылық, ұлттық болмыс бәрінен айрылып барамыз. Мекен, мезгіл бәрі-бәрі... Қойылым да осы тақылеттес... Бас кейіпкер Шие ханым соңғы сахнада: «Қош бол менің, Шие бағым. Жастық шағым, сүрген дәуренім», – дейді. Қартайып кеткен, таяқтың күшімен ғана зорға жүреді. Ал режиссер қойылым бойы Шие ханымның жас қыздың кейіпінде берді. Шие ханымның санасында ғана. Ол: барлық кейіпкерге барып: «...қартайып кетіпсің, сен қартайып кетіпсің, сен де...» дейді.

Режиссер Шие ханымды неге жас қылып көрсеткен? Себебі, ол жастық шағы өткен ортаға келді, жастық шағын сезінді. Міне, осы кеңістікте режиссер шешім қабылдаған. Спектакльде «Туған жерге оралу» тақырыбы бар болса, сонымен қатар «Туған жермен қоштасу» тақырыбы қатар жүреді. Барлығы бақытсыз жандар. Бәрі де ғашық болғысы, махаббат бақытын сезгісі келеді... Өкінішке орай, қолдарынан келмейді.

Төрт перделі пьесаның екінші көрінісі осыны меңзейді. Бәрі сезімін білдіргісі келеді, бәрі жылу сезінгісі келеді. Жүйесіз сөйлейді, жүйесіз өмір сүреді. Адамдар бір-бірін



тындамайды, құлақ асқысы келмейді. Ескен Дәрияға сезімін білдіру үшін домбырада ойнай бастайды, Дәрия Жарасты сүйеді, Ескен сол үшін тапаншамен атылады, бірақ өлмейді. Бүгінгі қоғам, құны кеткен махаббат... Күйбең тіршілік «махаббат» деген ұлы сезімді жеңген. Балташ кегін көксейді, ал Бану Балташты жақсы көреді, тұрмысқа шыққысы келеді. Құдай сүйер қылығы жоқ Балташқа қалайша көңілі аууы мүмкін. Ол Балташқа күйеуге шықса, Шие бағын аман алып қалуға көндіруі, өз өмірін өзгертуі мүмкін. Шие бағы сатылса, бұл үй де оған жат. Ол ешкімге керексіз, тасада қалып қояр қауіі бар. Алма Пәтөнайға көңілін ұсынбаққа бекінсе, ал Бану бізді бір-бірін сүйін қалар деп қорқады, ол біздің махаббаттан да биік тұрғанымызды қайдан білсін деп, махаббаттан да төмен әрекеттер жасайды. Онын да махабаты түйсіксіз. Түсініксіз қоғамның шынайы бейнесі. «Шие бағы» – Чеховтың соңғы жазған пьесасы. Уақыт өтеді, уақытты тоқтату мүмкін емес, жер бетінде ең қауіпті нәрсе уақыт, сен уақытты өлтірем дейсін, бірақ уақыт сені өлтіреді. «Шал» секілді кейіпкерлердің кетіп, Балташтардың дәурені келе жатқанын меңзейтін қойылым.

Шал – уақыт, өткен жылдардың иесі. Мүмкін, ол сол үйде қалған жиһаз, әйнек, немесе еден. Бәрі кетеді, ол елеусіз қалады. Қойылымның «Шие» деп аталуының өзі орынды. Себебі, бұл тек «Шиенін» тағдырына арналған шығарма. Шиенің өткенге көз жүгіртуі. Басқа кейіпкерлердің жасарып кетпеуі сондықтан. Ғайып – балалығы бойынан кетпеген, елеусіз адам, қолынан бильярд ойнау мен әдемі сөздерді айтудан басқа ештеңе келмейді. Тіпті, киетін киімін де біреу кигізеді. Бүгінгі күндегі, сөзі басым, әрекеті әлсіз зиялылардың бейнесі. Чеховтың барлық кейіпкерлері түсініксіз бейнелер, бей-берекет сөйлейді, бетімен кеткен әрекеттер жасайды, бір-бірін тындамайды, ешкімге құлақ аспайды. ХХІ ғасыр «Чехов кейіпкерлерінің» дәуірі.

Шымылдық жабылды. Жарық жоғары жаққа көтеріліп қойылым бой тапжылмай көрермен залына қарап отырған өлі қуыршаққа түсті. Қуыршақ қолын бұлғады. Басына тақия киіп алыпты. Потаповтың жеке көрермені ме? Ғани баланың әруағы ма? Мүмкін...



Мирас ӘБІЛ,
«Театртану» мамандығының 2 курс магистранты

Қылқалам шиңындағы – сыр сандық



«Жас суретшіні түсінетіндер бірнеше адам ғана, ал ұлы суретшіні түсінетіндер одан да аз», – деген екен Павло Пикассо «Жас суретшілер көшіреді, ал ұлы суретшілер ұрлайды», – дегені де бар. Бір ғана туындысында философиялық, психологиялық толғанысқа толтыратын суретшілер өмірі көпшілік үшін жұмбақ. Қызығы мен сыры мол қылқалам негерлерінің икемді саусақтарының нәзік қимылынан, қазақ жаны мен өнерінің айшықты көріністерін бейнелейтін әсем туындылар қаншама. Бейнелеу өнері тарихында ойып орын алатын суретшілердің еңбегі зор. Қазақ бейнелеу өнерін әлемдік деңгейде мойындатқан, қазақтың маңдайына біткен қаншама дарынды ұл-қыздары: Ә. Қастеев, Қ. Телжанов, Ж. Шәрденов сынды өнер иелерін білеміз. Кешегі Қ. Телжановтай қазақ бейнелеу өнеріне өз

үлесімді қоссам, өнердің бір ұшқынын алып, жас ұрпаққа жеткізсем деген Ә. Қастеевтей, М. Кенбаевтай алып шың болмаса да, сол шынның бір бөлігіне айналсам деген азаматтардың бірі – **Байділдә Бауыржан Нұрбекұлы**. Бүгінде Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кескіндеме, мүсін және дизайн» кафедрасының деканы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, Евразиялық дизайнерлер союзінің мүшесінен шағын сұхбат алған едік.

- Бауыржан Байділдә ағай, сіз бүгінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағының иегерісіз. 1989 жылдан бері академия қабырғасында ұлағатты ұстазсыз. Осыншама жылдар арасында бейнелеу өнерінің бірнеше саласында бой көрсетіп келесіз. Сізге арналған шағын сұхбатты балалық-шағыңыздан бастасақ. Жалпы, «өнер» атты алып кемеңі таңдауыңызға ата-анаңыздың ықпалы болды ма? Ол кісілердің өнерге қатысы бар ма?

- Әрине, ата-анамның ықпалы болды. Өзім Жамбыл облысы, Қордай ауданының кішігірім ауылында дүниеге келдім. Әулетте атам өте шебер домбырашы болған. Байділдәевтердің атағын шығараған ағам, Өмірбек Бәйділдәев болды. Композитор бола тұра, көп жылдар қазақ радиосында жұмыс атқарды. Ал, өзім сурет салғанды кішкене күнімнен жақсы көретінмін. Арманым Ленинградта білім алу болатын. 8 сыныпты бітіргенде әкем осы қабілетімді байқап, Алматы қаласына алып келді. Солай Гоголь атындағы училищеге оқуға түстім.

- 1977-81 жылдары Алматы қаласында Н.Гоголь атындағы училищеді, 1984-1989 жылдары «Монументалды кескіндеме» мамандығы бойынша, Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет институтында оқыдыңыз. Ең қызықты студенттік шақтарыңызды еске түсірсек. Ол жылдары шығармашылығыңызда қандай өзгерістер болды?

- Студент кезімде қалаға алғаш келген кезім есімнен кетпейді. Ауылдан келгенде сурет өнерін сол кезде менен жақсы білетін ағам бар болатын. Ол қаланың жігіті, мен ауылдың жігіті. (күліп) Оның бірінші сұрағаны: «Жол, дорога знаешь?» – деді. «Знаю» – дедім. «Сиыр, корова знаешь?» – деді. «Знаю» – дедім. «Ну, оказывается ты все знаешь» – деді де кетіп қалды. Солай оқу жолымды бастағанмын. Кейін армияға бардым. Ол кезде де сурет салуға деген құштарлығымды жоғалтпадым. «Монументалды кескіндеме» өнерін сол кезде игере бастадым. Үш қабаттық мекеме сыртын безендіргенім есімде.

- Сіз аға-оқытушы, «Академиялық сурет және станокті графика» кафедрасының меңгерушісі, тіпті тәрбие ісі жөніндегі проректор, кейін декан қызметіне дейін көтерілген екенсіз... Осыншама жылдар арасында академия қабырғасында бірнеше шәкірт тәрбиелеп, шығармашылық ынтасын арттырып жатырсыз. «Ұстаз» болу бақытын қалай түсіндіресіз?

- Дулат Әлиев ең алғашқы ұстазым. Оқуға түспес бұрын К. Телжанов, К. Шаяхметов сынды классик суретшілердің еңбектерін қызыға қарайтынбыз. Кейін ол кісілердің бізге ұстаз болғаны үлкен мақтаныш болды. Берген білімдерін бойымызға жинап, сауатты маман болуға тырыстық. Мен ұстаздық ету жолымда сол кісілердің берген білімдерін сараптай келе, оны кейінгі жастарға жеткізуге тырысамын.

+ - Кейінгі 5 жылдың ішінде үнемі семинарларда, шеберлік сағаттарында, шығармашылық кештерде, мақала жазып, көрмелердің ашылуына тынбай араласып, өзіндік мадақтамалармен марапатталып келесіз. Шетел асып, шәкірттеріңізді жаңа өлеммен таныстырып, білімдерін шындайсыз. Осынша жыл арасында сауатты маман, білімді ұстаз болуға, онымен қоса шығармашылығыңызды алып жүруге қалай үлгересіз?



- Адам шын жүрегімен қаласа барлығына қол жеткізуге болады. Ең бастысы сабырлық, мамандығына деген махаббаты жоғары болу керек. Мен мұны өзімнің ұстаздарымнан үйрендім және шәкірттеріме үнемі айтып жүремін.

- Аға, енді сіздің шығармашылығыңыздағы анимациялық туындыларыңыздан бастасақ. Балалардың сауатын ашатын «Әліппе», «Ана тілі» кітаптарында кездесетін туындыларыңыз өмірге қалай келді?

- Бұл менің алғашқы графикалық туындыларымның бірі. Сол жылдары конкурс жарияланған Содан, 4 бірдей кітапты жасау маған бұйырған болатын. 2-3 айлап салынған еңбектерімнің бірі.

- Байділде аға, алтын уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рахмет. Шығармашылық ізденістер мен толайым табыстар тілейміз!

Ілім-іштегі нұр, өнер сыртқа салынған түр... Иә, бейнелеу өнерінің тың тарихы, жаңа техникалары, жаңа бағыттары заман талабына қарай өзгереді. Ал, қазақ бейнелеу өнерін биікке көтеретін, қазақты танытатын суретшілер көбейе берсін. Сондықтан, бүгінгі тарих бетінен сыр шерткізер суретшілеріміз жасай берсін!

Толғанай БӨКЕШ,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Өнертану» мамандығының 3 курс студенті

Ғашықтық хат

Кеше университетте оны кездестіріп қалдым. Жүрегіме оқ тигендей болды. Сәлден кейін біз группаластар екінші қабатқа түстік. Бірінші қабатқа терезеден көз салсам асханада тамактанып отыр екен. Оған: «Ас болсын» –деп хабарлама жібердім. «Рахмет» – деген жауап келді. Жоғарыға қарады, мен қолымды көтердім. Ал бүгін ұлттық академиялық кітапханадан қайтып келе жатып, өзімнен өзім министрліктер үйі аялдамасынан түсіп қалдым. Жүрегімнің тылсым қалауының жетегіне еріп, 19-шы автобусқа отырып, Шабыт жаққа тартып кеттім. Университетке жетіп қалғанда, тылсым күш мені Шабыттан жатақханаға бағыт алатын аялдамаға жетеледі. Жүрегім оған жетелеп келе жатқандай күй кешті. Оны кездестіріп қалатындай, алыстан аялдамадағы адамдарды көзбен бір шолып өттім. Жүрегім алдапты, ол жоқ екен. Басым салбырап автобусқа қалай отырып, терезеге басымды қойып, ой құшағына еніп кеткенімді де байқамай қалыппын.

Кондуктордың дауысынан селт ете қалып, терезеге қарасам, ол кетіп барады. Жатақханаға өзі жалғыз, жаяу... Жүрегім алдамаған екенсің ғой... Автобус оның жанынан өте шықты. Ал мен белгісіз аялдамадан түсін қалып, қайта кері жүрдім. Жол бойындағы дүкенге кіріп екі балмұздақ алдым да, оның дүкен алдынан өтер сәтін күттім. Сол сәт келді ау... Жанына ақырын жүріп жетіп алдым да, амандасып балмұздақ ұсындым. Оның да маған деген көңілі жақсы. Бірақ, балмұздақты алмады. «Вокал» мамандығында оқиды екен. Дауысына зиян тиіп қалу қауіпі болса керек.

Мен: Сәлем!

Ол: Сәлем!

Мен: Кітапханаға қашан барасың?

Ол:))Дүйсенбі күні.

Мен: Сондағы үшінші қабаттағы көркем әдебиеттер бөлімі бар ғой...

Ол: Иә.

Мен: Сондағы үшінші қатардағы үшінші полканын үшінші кітабының үшінші бетінде, мен жазып кеткен қағаз бар. Осыдан бір апта бұрын қалдырғам, оқы...

Ол: Хорошо. А если не найду?

(арада апта өтті)

Ұйқыдан оянған соң академиялық кітапханаға келдім. Тұманбайдың кітабындағы бұрын өзім сол қызға қалдырған ғашықтық хатымды алдым, сол беті тұр екен, енді оның маңызы жоқ...

Авторы: Белгісіз ЕЛЕУСІЗҰЛЫ

Ол кезде күз айы болатын... Ағаштар жапырақтан алтын сырға тағынып, сағымға бөгіп тұрған. Ауа аздап дымқыл тартып, Астананың құрғақ желі терісінен соғып, жанымды жауратқан-ды. Күннің бетін кіреуке бұлт торлап, бура бұлттар дамылсыз жөңкіледі. Менің беймаза күндерімдей. Университеттен мазам болмай көңілсіз шықтым да, жолдың арғы бетіндегі автобус аялдамасына келдім. Ойда түк жоқ. Көнет бір сұлудың жаз дидарына жанарым байланып қалды. Бұйра шаштары желмен желбіреп, Есілдің ерке толқынын еске салды. Күлімдеген жанары күн болып күліп тұр. Найзадай кірпіктері кеудеме қадалғандай өзгеше күй кештім. Керілген қара қасы бейне бір қаламмен сызып қойғандай әдемі. Үстіңе киген ал қызыл күртешесіне қарап, көзіме қырдың қызыл қызғалдағын елестеттім... Амал нешік, сол күнгі бағытымыз бөлек екен. Басқа нөмерлі автобуска міндің де, көз ұшында мен-мұнда лап кете бардың... Сені ең алғаш солай көрдім. Содан бері менде маза болмады. Жүрек қағысым жүз есеге ұлғайып кеткендей бір сәт дамылдар емес. Мен сенің тек сыртыңнан тамсанумен болдым. Әлжуметтік желідегі суреттерінді алданыш етіп күнде қарауды әдетке айналдырдым. Жаңа қосылған суреттеріңмен жазбаларыңа лайк (лүпіл) басудан жалықпадым. Парақшаңа шығарып қойған діни уағыздар мен хадистерді көріп қуандым. Иманды қыз екеніңе көзім жеткен соң, көңілім бір саған ауа бастады... Анда-санда университетте көріп қалсам, алдында жазықты жандай жалт беріп, жасырынып көзіңе көрінбеуге тырысатынмын. Бірде кітапханада отырдың, сенен ұялып керекті кітабымды ала алмай кеттім. Келесіде лифтіде көрдім, сол мезетте саған тура қарауға дәтім жетпей жүзімді теріс қаратып тұрдым. Сөйтіп жүріп, анда-санда қал жағдайыңды сұрап, сөзге тарта бастадым. Әңгімеміз: «Сәлем... қалайсыңнан...» ары аспағанына жыным келді. Есінде болар, бірде оқу орнына таксимен бірге бардық. Сен алдында, мен артында отырдық. Такси жүргізушісімен дидарласқаныңда, даусыңды бірден танып елең ете қалдым. Сөйтіп, түсе сала жүзбе-жүз сөйлесіп танысуға бел байладым. Бірақ, сәті түспеді... Сен сабақтан кешігіп қалмау үшін түсе сала алды-артыңа қарамай тұра жүгірдің. Артыңнан асықпай кіріп, киім ілгіш жақтан қарадым... кетіп қалыпсың. Бір күні университеттегі жарнама тақтасына көз салдым. Арасынан таныс бейне жанарыма оттай басылды. Иә, ол сен едің! «Қазақ аруы» байқауының үміткерлерінің қатарынан көріп, таң қалдым. Іштей сәттілік тіледім! Сабақтан ерте шықсам да, сен үшін «Қазақ аруы» байқауын тамашалауды жөн көрдім.

Түс ауа бастаған шақ. Ішім пысқан соң үшінші қабаттағы әйнектен асханаға қарадым. Төбесіңен. Көзіме сол жер аквариум сияқты елестеді. Ішіндегі студенттер балдырға таласқан балықтардай құжынап жүр. Бәрі де ішіп жегеніне мәз сияқты... арасында сен жоқ екенсің. Қуандым.

Кеш мезгілі. Студенттердің бәрі концерт залының алдына жиналыпты, араның ұясындай гу-гу. Бәрі сыртта сарыла күтіп тұр кешкі сауықты. Мен де бармын, көп күттік... Әсіресе, ашық-шашық киінген арулардан көз сүрінеді... жазықсыз жанарыңды қанша алып қашсаң да, магнитше тартады.

Іште қызу дайындық. Байқау басталмай тұрып, сені сырттан көзім шалып қалды, гүлдей құлпырып кетіпсің. Сыртта қар аралас жаңбыр жауып, жер езіліп жатты. Ал сен жүрген жер көктем еді. Сол көктемге көп қарадым... көзім тоймады... Дәл сол күні сағат жетіде маңызды кездесуім болған, аяқ астынан қоңырау шалып шақырған соң, сені кимай-кимай соған кеттім. Жаяу. Дала саз. Байқаудың жеңімпазын достарымнан естідім, басқа қыздың атын айтты. Оған мән бермедім. Себебі, жүрегімде бір дауыс: «Әлемдегі ең сұлу ару - сен», - деп сыбырлап тұрды. Себебі, сен менің музам едің...

Келесі күні айналамнан алақтап көп іздедім таппадым. Асау сезімге тұншыққанша сені тауып бар сырымды ақтаруға бел байладым. Бойымды өзгеше бір өжеттік пен өктемдік билеп алды. Дөңгеленген ғимараттың іші-сыртын түгел шарладым. Жоқсын. Кеңет көлбеңдеген көк түтіннің арасынан көптен бері көзді арбаған таныс сұлбаны көзім шалды. Өз көзіме өзім сеңе алар емеспін... Сен емес деп, өзімді алдарқатуға тырыстым... Болмады. Жақындап барып көз салдым... Ұлы бар, қызы бар, үлкені бар кішісі бар сығылысып тұр ішінде. Тәлім беретін ұстаздардың да төбесі көрінеді. Иә, иә бұл мен үшін университеттегі ең жиіркенішті жер еді... Арнайы әйнекпен бөлінген темекі, насыбай ататын жайлы жылы мекен... Сені де сол жерден көріп, сезімім астан-кестен болды. Ғашық адам соқыр келеді деген рас сияқты... Осы күнге дейін неге көрмедім. Тіпті, бұдан бұрын бұл маңға бас сұқпайтын едім. Мені де құдай айдап келгендей. Кеудемдегі ыстық сезім шылымынның түтініндей бір жолата ұшып кетті будақтап. Періштеге теңеп жүрген сұлуым, әп-сәтте періге айналғандай. Ең соңғы рет көк түтінді құшырлана сорып, әйнектің сыртындағы маған мүсіркей қарадың мақтанышпен! Аяп кеттім өзінді... Саған ғашық болғанымға өкіндім. Шылымыңның шоғына күйіп қалдым...

Манарбек Хыдырбай,
«Кинотеледраматургия» мамандығының 3 курс студенті



Махаббат пен майдан жырын жаттап ап,
Кең даланың койнауында түнедім...
«Дүрс-дүрс» дейді жауды көрсе автомат,
«Дүрс-дүрс» дейді сені көрсе жүрегім.

Сарбаз сағынышы

Уақыт келер оралармын бір күні,
Күн өткердім алаңдаумен бұл күні.
Алыс кеттім, ұзақтамын мен бірақ,
Басқа жактың емеспін ғой тұрғыны.

Ұшармын ба, саған қалай жетермін?!
Кұшармын ба, бос сағымын бекердің.
Қызғыштайын қорып жүрмін жырақта,
Амандығын сен тұратын мекеннің.

Бағытынан бұра тартпай қарға іздін,
Күтші сәулем қауышуға қалды аз күн.
Қалу үшін жүрегінде тұрақтап,
Сағынышын алып барам сарбаздың.

Екі майдан өткеруде жас кеуде,
Жабыққанда жанарыңа жас берме.
«Қабырғаның» көрмеу үшін көз жасын,
Барады «Адам» әскерге...

Азамат ЖҮНИСОВ,
«Кинотану» мамандығының 1 курс студенті

ЭКСПО-2017 - «Болашақтың энергиясы»

Елордамыз Астанада бүкіләлемдік көрме өтетін болады деп дүрлігіп, дайындалып жатырмыз. Жалпы, ЭКСПО деген не? Оның бізге пайдасы бар ма? Бүкіләлемдік көрмені өткізу қолымыздан келе ме? «Шабыт» журналының оқырмандарына бүкіләлемдік көрме туралы мағлұматты ұсынуды жөн көрдім.

Бұл – бір жарым ғасырлық тарихы бар бүкіләлемдік көрме, индустрияландырудың белгісі және техникалық жетістіктерді көрсететін мүмкіндік. Ең алғаш 1851 жылы Ұлыбританияда өткен. Содан бері қарай бұл көрме алпыс бес рет өткен болатын. Соңғы мәлімет бойынша, ЭКСПО-2017 өткізу үшін төндерді ұйымдастырушылар көрме өткізетін елге бұл шараның 2,3 миллиард долларға түсетінін бағалаған. Көрмені өткізуге екі қала таласқан. Олар: біздің Астанамыз және Бельгияның Льеж қаласы.

Төндерді ұтуын ұтып алдық, ендігісі соны абыроймен өткізу. Бұл қомақты қаржыны ғана емес, кәсіби біліктілік пен үлкен күшті де талап ететін шара. Бізбен бәсекелес болған Льежде бүкіләлемдік көрме екі рет – 1905, 1930 жылдары өткізіліпті. Әйгілі Гайд паркте алғаш көрменің шымылдығын ашқан Лондон, араға он бір жыл салып, екінші рет өткізіп үлгерген. Америка Құрама штаттарының әр қаласында бұл көрме жиырма рет өтсе, бір ғана Париждің өзі сегіз рет бүкіләлемдік көрме қонақтарына қызмет көрсеткен. Брюссельде төрт рет өткен. Айта кетерлік жайт, Парижде 1889 жылы Эйфель мұнарасы, ал 1908 жылы Амурдан өтетін көпір салынған екен.

ЭКСПО деген – Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымының саммиті немесе Азиада емес. Оның ауқымы да үлкен, жүктейтін міндеті де ауыр. Жасыратыны жоқ, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары арасында біздің бұл жеңісімізді «жас мемлекеттің жеңісі» деп емес, «мұнайдың жеңісі» деп қабылдағандар да болды. Парижде өткен Халықаралық көрме бюросының бас ассамблеясында өткен дауыс беру рәсіміне мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың барып қатысуын сан-саққа жүгірткендер де жетерлік. Біздің міндет – соның барлығын жоққа шығарып, бүкіләлемдік көрмені өз денгейінде ұйымдастырып, өткізу. Қазақстан үшін дауыс берген 103 елдің үмітін ақтау – біздің басты міндетіміздің бірі.

ЭКСПО-2017 10 маусымда басталып, 10 қыркүйекте аяқталады. Астанадағы көрме «Болашақтың энергиясы» деген атпен өтеді. Ұйымдастырушылар әлемнің әр түкпірінен бес миллионға жуық адам келіп қатысады деген болжам жасап отыр.

ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесіне мен де өз тарапымнан үлес қосамын. Арнайы «ЭКСПО-2017 кәсіби ерікті» атты Астана қаласында курсты өтіп сертификат алдым. Ол курста осы көрме жайлы көптеген жаңа да, қызықты мағлұматтар айтылды. Болашақ маман ретінде сол сәтті тағатсыздана күтудемін. Өйткені, ЭКСПО-2017 – біз үшін үлкен мүмкіндік.

Альбина ОРАЛБЕК,
«Мәдениеттану» мамандығының 2 курс студенті

Астана менің – бас қалам!

«Астана бүгінде – Қазақстан жетістігі
мен жеңістерінің символы»

Н.Ә.Назарбаев

Бүгінгі Астана – асыл тастан тұрғызылған асқақ қала. Ерке Есілдің жағасында орналасқан, жаңа ғасыр ғажабынан жаралған ертегідей елорда, әлемдегі ең жас қала. Кен даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер, үкілі үміт, көркею, тәуелсіздік көрінісінің нышаны. Астана шаңырағы әлі де шарықтай түспек. Жаңа астананың келешегі толығымен ХХІ ғасырдың еншісінде. Ал, оның ертенгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас буындар.

«Астана» сөзі негізінен парсы сөзі, қазақша түсінігі «астана» – табалдырық, босаға, кіреберіс, сарайдың қақпасы, салтанатты орда есігі деген ұғымдарды білдіреді.

Тарихқа бай Сарыарқаның ұлан-байтақ жерінде, қазақ жерінің қасиетті орталығында мемлекетіміздің жаңа астанасының бой көтеруі, жаңа бір мәдени-ғылыми, саяси ортаның шоғырлануы, Отанымыздың көркем, сәулетті, қуатты орданың дүниеге келуі – игіліктің нышаны деп білеміз.

1830 жылдың өзінде Есіл өзені бойындағы Қараөткел тұсында Астана қаласының ең алғашқы іргетасы қаланған болатын. 1832 жылы Ақмола ішкі округі ресми түрде жарияланды. Сосын, Орынбор орталығымыз болды. Ал 1925 жылы Қазақстанның орталығы Орынбордан Ақмешітке көшірілді.

1929 жылдары Верный (Алматы) қаласына көшірілді. Содан соң Ақмола қаласы Астана болып 1998 жылы жарияланды.

Ел жүрегі болып саналатын «ару қала», «әсем қала», «бас қала» атанып жүрген мемлекетіміздің елордасы – Астана қаласы. Қаламызға серуендеп тамашалауға келген өрбірінің көңілінде ерекше бір сезім мен толқыныс, асқақ мақтаныш пен сарқылмас өн тербеліп жатады десек қателеспеген болар едім.

Ару қаланың әрбір оралымы ашық бұрқақты аулалар, әсем безендірілген гүлзарлар мен көмкерген орманды алқаптарда бойтүзеген «Нұр Астана» мешіті мен



«Бәйтерек», «Пирамида», «Ханшатыр», т.б. саяси және мәдени думан орталықтары мен тарихи мемориалды кешендері алуан түрлі.

Аспалы төрт көпір («Арқар», «Марал», «Тұлпар», «Беласар») сәнін айқара ашып, сылдырай аққан Есіл де өрі өткен, бері өткен жол кезектерінде өзіне біздерді шақырып, көз тартып жатады. Моторлы қайықпен серуен барысында Есілдің жағасына кезек қарай отырып, көзқарықтырған қала сәулетіне тамсанумен, шексіз әсерлі сезімдерге, шабытты толғаныстар мен тебіреністерге ие боласын.

Бағдаршам белгілерінсіз ешбір көше, орам байқамайсын. Бұл қаланың архитектуралық безендірілуі қаншалықты озық ойлы екендігін білдірсе керекті.

Түнгі Астана қандай десенші? Түн қараңғылығы астында Ай сәулесінен нұр ала, алаулай жанған шамбалдар мен шырақдандар кім-кімді де естен тандырарлықтай. Әсем сазбен тербеле билеген су бұрқақтары, кең алаңды бойлай бой түзеген әкімшілік ғимараты мен ел қалаулылары – депутаттар үйі аралығын шығысы Бәйтеректей ансамбльмен және батысы Елбасының Ақ ордасы мен министрлер үйі, Самұрық қазына компаниясымен шектестіре дүние бетіндегі ең бір асқақ сұлу кешендердің бір үйлесімділігін көрсетіп тұр.

Қала кешендерінің әрбірі бір тарих. Жеке-жеке тоқтала берсек, сөз жетпес. Күллі дүние есігін ашып қарап шыққандай әсер берген Астана төріндегі әрбір кешен – шығыстық, еуропалық құрылыс компазицияларынан үйлесім таба, өзіне қараушыны табындыра да, сағындыра да алған келбетке ие болған.

Егер карта бетіне қарап, геофизикалық өлшеммен алар болсақ, Астана батыс пен шығыс өлшемінің кіндік қаласы.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Астанада оқып нәр алуыммен, гүлденген қалада өткізіп жүрген әр күніммен әрқашан айдай асқақтықпен мақтанамын!

Айкерім БИМЫРЗАЕВА,
«Қазақ ҰӘУ Қорқыт атындағы ҒЗИ» РММ ғылыми қызметкері



*«Саяқ батыр» жол тартты
көрерменге...*

Қазақ киносының тарихында алғаш болып дүниеге келген туынды «Аманкелді» фильмі екені барлығымызға мәлім. Сол фильмнің басты кейіпкері – Аманкелді Иманов дүниеге келген Торғай топырағы талай таланттарды дүниеге әкелді. Қазақ өнерінің майталман жұлдыздары – Қаипан Бадыров, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Ілияс Омаров, Әнуар Боранбаев сынды маркаскалар шыққан бұл топырақтан. Осы ірілердің ізін жалғаған бүгінгі ұрпақтары да өнерден құр алақан емес. 2000 жылы ашылған Қостанай облысындағы Нұрлан Ерекешов басқарып отырған Ілияс Омаров атындағы облыстық қазақ драма театры осыған дәлел. Аталмыш театр он бес жылдың көлемінде өнер сүйер қауымды жақсы туындылармен қуантып келеді. Биылғы жылы да көрермендерін жақсы жаналықтарымен қарсы алды. Яғни, жыл сайын жерлестерімен сахна арқылы қауышатын өнер иелері, биыл экран арқылы жолықты. Сөзімді айқындап кетсем, өткен жылы түсірілген «Саяқ» атты қысқа метражды фильм көрерменге жол тартты. Кенжетай Ахметовтің сценарий желісі бойынша түсірілген фильмнің идея авторы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері – Қонысбек Бегайдаров режиссерлік жұмысты театрдың белді актері Олжас Бегайдаровқа тапсырып, бірігіп тамаша туындыны өмірге әкелді. «Жоңғар шапқыншылығы» кезеңін суреттейтін фильм Қазақ хандығының 550 жылдығына жасаған тартуымыз», – дейді автор Қонысбек Бегайдаров. Туындының басты мақсаты – ұмыт бола бастаған батыр бабамыздың бейнесін ашып көрсету және сол арқылы өскелең ұрпақты, Отанды сүйуге, ел мен жерді қорғауға тәрбиелеу.



Фильмнің басты кейіпкері Саяқ батырдың рөлін – Қарағанды театрының артисі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов сомдап шықты. Батырдың жас кезін – Олжас Бегайдаров бейнеледі. Қабырғасы қатаймаған жас болса да, батырдың елі мен сүйіктісін жаудан аман алып қалу жолындағы жан қиярлық ерлігін актер жақсы көрсете білген. Қазақ жеріне қырғидай тиген сол замандағы жоңғар қолбасшысының бейнесін – Қонысбек Бегайдаров сомдады. «Жау жүрек мың бала», «Көшпенділер» фильмінде батырларды кейіптеген актер, Саяқпен шығатын жекпе-жегіңде өзін басқа қырынан таныта білді. Жоңғар батырының қасындағы шабармандарының бейнелері де жақсы ашылған. Шабармандардың жымысқы әрекетін театрымыздың актері – Әлімхан Мырзахан мен түсірілім тобының кастингінен өткен – Фархат Жәрімбетов шебер ойнап шықты.

Оқиға байдың жайлауында орын алады.

Сонымен қатар, фильмдегі ауыл ақсақалдары, қыз келіншек, бозбалалар арқылы сол заманның тұрмыс-тіршілігі жақсы көрсетілген. Сабырлы да салмақты ауыл байының бейнесі театр актері Айбол Шәкіржановтың еншісіне жақсы келіпті. Сонымен қоса, мәдениет қайраткері Зәмзәгүл Бегайдарова келіннің бейнесін кескіндесе, тамаша актриса Ақдәмен Досанова ақ жаулықты кейуанаға жан бітірін ойнап шықты. Ауылдағы бозбала мен бойжеткеннің бейнесі де кадрдан тыс қалмаған, театр актері Қуаныш Қойшығұлов пен Қазақ ұлттық өнер университетінің «Драма актері» мамандығының төртінші курс студенті Жібек Жолдыбайға бұйырды. Айта кетерлік жайт, бұл фильм бір ғана камерамен түсірілген. Автордың айтуынша, фильм жас актерлерді кино әлеміне аяқ басып, экран алдында жұмыс жасауға үйретті. Арнайы құрылғылар болмаса да, туынды сәтті шыққан. Сәтті шығуының басты себебі, режиссер мен актерлердің маңдай терінің жемісі екені хақ. «Шын таланттың алдында таудың өзі басын иеді» деген осы болар, бәлкім. Еңбектеріңіз жана берсін!



Ерлік САПАБЕКОВ,
«Кинотеледраматургия» мамандығының 2 курс студенті

Аспаптар аламан

I Халықаралық Тілеп Аспантайұлы атындағы ішекті-қыл аспаптарында орындаушылар арасындағы байқау.

Елордамызда Қазақстан Республикасының 25 жылдық мерейтойына орай қыркүйектің 8 мен 10 аралығында тұңғыш рет Халықаралық Тілеп Аспантайұлы атындағы ішекті-қыл аспаптарында ойнайтын орындаушылар арасында байқау өтті. Аталмыш шара Тілеп Аспантайұлының жеке қайырымдылық қоры мен Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы» Әскери генерал Сағадат Нұрмағамбетов атындағы қормен бірлесіп «Тілеп Қобыз Сарайында» өткізіліп отыр.

Байқау мақсаты – қазақтың қара қобызын дүниежүзілік деңгейге паш ету, сол арқылы халқымыздың мәдениетін көтерумен қатар, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған өнерлі адамдарымен бірлесін, ұлттық мәдениетті сақтау және нығайту болып табылады.

Іс-шараға 30-дан астам елдерден қатысушылар мен қонақтар келді. Олардың ішінде: Қазақстан, Ресей Федерациясы, Қырым Републикасы, Дағыстан, Адыгея, Омбы Губерниясы, АҚШ, Швеция, Франция, Түркия, Үндістан, Корея, Өзбекстан, және т.б.

Аталмыш шараның бастамасы ретінде, қобызшы Тілеп Аспантайұлына арналған бюсттің ашылу салтанаты өтті.

Байқаудың алғашқы күнінде кіші топ өз өнерін ортаға салды. Әрине, қобалжусыз мүмкін емес. Кішкентай бүлдіршіндеріміз бар ынта-жігерлерімен әділ қазылар алқасының көңілінен шығуға атсалысты. Көп ұзамай байқаудың келесі күнінде үлкен топтың да өнеріне куә болдық. Бұл жолы да қатысушыларымыз көрермен көзайымына айналды деп айтсақ болады.

Қорыта келе, кіші топ арасында үшінші орынды Қазақстандық Қалиева Қаракөз иеленді. Екінші орын иегері болып, Болгариядан келген қонағымыз Владимиров Мартин атанса, бірінші орын Қырғызстандық қатысушымыз Мадамбекова Жібекке бұйырды. Үлкен топ арасынан үшінші орынды Моңғолиялық Багцук Цогнян жеңіп алды. Екінші орынды Қазақстандық Қуанышқалиева Жұмагүл қанжығасына байласа, бірінші орынға Оңтүстік Кореядан келген қатысушымыз Эн Хю Че ие болды. Бас жүлде гран-при иегері болған Қытайлық қатысушымыз – Чен Хи өз өнерін әділ қазылар алқасы мен көрермендерге жоғарғы деңгейде тарту етті.

Байқаудың жабылу салтанатында барлық қатысушыларға диплом мен ақшалай сыйлық табыс етіліп, кеш көңілді концертке ұласты.

Осымен, екі күнге созылған Тілеп Аспантайұлы атындағы I Халықаралық ішекті-қыл аспаптарында ойнайтын орындаушылар байқауы аталмыш нәтижемен өз мәресіне жетті. Дала әуендерін дүние жүзіне танытқан бұл мәнді де мағыналы байқаудың бүгінгі бет алысы, бағындырар белестері мен жетер жетістіктерінің тек бастамасы ғана деп сенеміз.

Әйгерім ДҮНГЕНЕНОВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Бізге де бір Қасымхан керек еді...

Жаздың жайма-шуақ күні. Бала күнінен әнші, әртіс болуды армандаған, қолында ала дорбасы бар бозбала Қасымхан қиял қуып ару Алматыға келген. Оны көрікті қала бірден құшақ жая қарсы алмағаны да рас. Алайда, оңайлықпен беріле қоймайтын қайсар Қасымхан сол кездегі Т. Жүргенов атындағы өнер академиясына келіп, бағын сынайды. «Оқуға түскін келсе, оқы, сен музыкалық драмада оқитын жігітсің» – деп, бір көргеннен дұрыс бағдар берген Д. Жолжақсыновтың сөзі құлағында қалып қойыпты. Сол оймен Қазақстанның халық әртісі К. Кенжетаев пен профессор Е. Сегізбаев оқуға қабылдап отырған кабинетін тауып алған-ды. Сыртта аздап жасқанып келген жігіт ішке кірген бойдан өзінде бір сенімділік пайда болғанын байқады. Тауда өскен бозбала қабылдауда бәрін қыран-топан күлкіге қалдырды. Ән салатын өнері бар екенін байқаған вокалдан сабақ беретін Мақсұт Оразұлы дауысын тексермек оймен: «Кел, фортепианоға жақында» – деген-тін. Өмірі «фортепиано» сөзін естіп көрмеген жайлау баласы: «Мына сандықтың қай шетіне тұрайын?» – деп, жауап берген екен. Мақсұт ағай: «Мына сандықтың өзін біл, қай жағына тұратынынды» – деп одан әрі күлдіре түсіпті. Тағы сөз арасында: «Распевка жасайық па?» – деген сұрауға: «Ол не?» деп жауап беріп, отырғандарды жығылғанша күлдіріпті. Сөйтсе, отырған талапкерлердің көбісі өмір бойы музыкадан сабақ алған, ноталық білімі бар қыз-жігіттер болып шықты. Десе де, көнекөздер көреген ғой... Кәукен ағамыз есімін қайта сұрағанда: «Бізге де бір Қасымхан керек еді...» – деген екен. Сөйтіп, «тенор» дауысты Қасымхан домбырамен шырқата ән салып, көсіле өлең оқып, ұстаздарының көңілінен шығып өнер айдынына жолдама алды. 1998-2002 жылы аталмыш оқу ордасынан «музыкалық драма актері» мамандығымен алғаш К. Кенжетаев, Е. Сегізбаев сынды өз істерінің шебері, профессор ұстаздардан, кейін Т. Мейрамовтан білім нәрімен сусындап, тәлім алған-тын.



Оқуды тәмамдаған соң, бұл курсты Орал театрына жіберудің сәті туған. Алайда, ол жаққа бармауға ниет білдірген актер Қасымхан диплом беріп, құттықтаған сәтте көшірмесін жасатып үлгерген. Оның арманы басқа еді... Енді ғана елорда атанған Астанаға аңсары ауды. Онымен қоса, туғандары да осы маңға көшіп келген-тін. Сөйтіп, 2002 жылы дипломының көшірмесін алып келген Қасымхан Қ. Қуанышбаев атындағы музыкалық драма театрына ат басын бұрып, атакты режиссер Ә. Мәмбетовтың алдын көрді. «Не жасайсың?» – деген сұраққа: «Бәрін жасаймын» – деп жауап алған Әзекен жымыып: «Онда сахнаға шық, көрсет!» – деген-ді. Не істесем болады деп ойланып тұрған актер сол жерде тұрған домбыраны қолына ала салып, күйзелместен, әулетіп ән сала жөнеледі. Әзекен езу тартты. Өнерін көрсетіп болған соң: «Сахнаның анау жерінен бері қарай жүріп келші» – дейді, театр майталманы ариерсценаны

нұсқап. Актердің қабілетіне қаныққан Әзекен: «Осы сезон бітті, келесі сезонда жұмысқа шығасын, қабылдандың» – дейді. Төбесі көкке бір елі ғана жетпей қалған актердің қуанышы қойнына сыймады. Ендігі қорқыныш кадр бөлімі дипломын сұрағанда, не деп жауап бермек?! Кадр бөліміне келіп, құжаттарын өткізіп жатқанда, «Дипломыңыздың көшірмесін беріңіз» – деген сөзді естіген сәтіндегі ризашылығын айтсаңызшы?! Астана театрына Қасымханның қадамы осылай басталған.

Қасымхан театрда алғаш «Пай, пай, жас жұбайлар» комедиясындағы ауылдан келген бала Бекзаттан бастаған. Алғашқысы әрқашан да жанына жақын ғой. Содан бері көптеген рөл еншісіне тиген. Актердің өзінің қатты жақын санайтын тағы кейіпкері «Еңлік-Кебектегі» – Кебек бейнесі.

Біз, актер Қасымханның қазір бағын жандыратын рөлдер керек деп есептейміз. Қайратты, қоңыр дауысты Қасымханның қазақтың бір батыры, ханы кейпінде көретінімізге сеніміміз мол. Актердің бағын жандыратын режиссер екені де анық.

Бұл да болса, қаперімізге түйер жайттың бірі. Жаны қазақи қойылымдардың көбеюін қалайтын актер болмысы әлі талай рөлдерді аңсайтынын ішіміз сезеді. Ол жайлы фильмдерді, қойылымдарды қарап, әлі де бейнесінің ашылмаған қырларын байқаған актер Шыңғыс ханды ойнауды армандайды. Актердің театрда сомдап жүрген рөлдеріне тоқталып отсек, Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрындағы көзіқарақты көрерменнің



сүйін көретін спектакльдерінің бірі әрі бірегейі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б. Ұзақов сахнаға лайықтаған ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілі, суреткер жазушы, публицист Ш. Мұртазаның «Бір кем дүние» қойылымын көрудің сәті түсті. Табиғат пен адам арасындағы қатынас, жан иесінің рухани құлдырауы жайлы туындыдағы біздің назарымызды аударған кейіпкер – Нәпіл бейнесіндегі актердің ойын-өрнегі. Қарапайым ауыл адамы, табиғаттың заңдарына бағынып, онымен егіз өмір сүріп жатқан Нәпіл бейнесі адамдарды ақтап алардай, дүниеде әлі де адамгершілікті, адал жандардың барын бізге жеткізгісі келеді. Отбасылы болғанына сегіз жыл өтсе де, перзент сүймеген отағасы, мылқау әйелімен тауда күн кешін жүрген бейнесін мұңлы көздері арқылы, қазақи болмысқа тән мінезімен Қасымхан Бұғыбай аша алды деп есептейміз. «Табиғат ананы» құрметтеп, жаратылыстың бәрінің де бірге өмір сүру қажеттігін түсініп, оған қарсы шықпаған Нәпілдің адамгершілік қасиетін, имандылығын шынайылықпен жеткізе білген актер Қасымханның актерлік ойыны көзіқарақты көрерменнің көңілінен шыққаны анық. Жұбайы Шынарды шарқ ұрып іздеп шыққан Нәпілдің уайымы, махаббатын актер бойынан аңғарымпаз көрерменнің байқары анық. Сонымен де, адам рухани құлдырауға түспей, қатыгездігінен арылу қажет екенін режиссер ұтымды көрсете білген. Оған қоса, керемет жазылған шығарманың сөздері әрбірімізді ойлантпай қоймасы да ақиқат. «Бәрі менікі», «Мен қожайын» деп, адами құндылықтардан ада бай аңшы мен Нәпіл сөйлесетін сахналар

ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың ашық айқасын аңғартып тұр. Сондағы Қасымханның: «Адамға айтқаныңды істерсің-ау, ал хайуанға қайтып түсіндірмексің? Тіл үйретесің бе?» – деген сөздері қазіргі кездегі адамзаттың ең саналы жаратылыс болғанымен де, бүгінгі таңда хайуаннан да бетер жыртқыш болып кеткендігін ызалы үнмен жеткізін берді.

Тағы бірде актерді Д. Рамазанның «Абылай ханның арманы» қойылымында Жалбы бейнесінде көрдік. Тарихта жоңғар елінің даңқты қолбасшыларының бірі, Абылайды «қапылыста» қолға түсірген Жалбының бейнесін кейіптеу оңай дүние емес. Бауыры Шарышты өлтірген «дұшпанын» тезірек жер жастандырып, кегін қайтармақ ниеттегі Жалбының мінез-құлқын, елін емес, кегін күйттеген, уағдалы сөзінде тұрмаған ханынан өш алып, таққа таласқан айлакерлігін, қатыгездігін Қасымхан Бұғыбай өзінше жеткізген. Актер



– сахнада түрлену керек. Сол мәселеге келгенде, Нәпілдің табиғатына мүлде қарама-қайшы келетін кейінкерді сомдаудағы өнер иесінің ізденісін байқадық. Қойдың терісін жамылып алып, «маңыратып», қазақты елемей, ойланбай ой қорытқандығы, Топыш пен Абылайды түрмеде көрін қойып, «тұтқынды» өлтіруге тырысқандағы сахнадағы Жалбының мінез-құлқын, ой-мұратын пластикасымен, ашу шақырған түрімен, мимикасымен, қанталаған көздері, зор дауысы арқылы жеткізе білді.

Ал енді Жалбының табиғатына толықтай қарама-қарсы келетін комедия жанрындағы рөлдеріне келсек, режиссер Н. Жұманиязов сахналаған Е. Жуасбектің «Үйленуінде» актер Терек рөлін сомдады. Бастыққа қалай болса да жағынуға тырысатын орынбасар, өзінің әріптесі Мелек әйел заты болса да сонымен жарысып, бастығына одан асып кеткісі келетін қу Теректің мінезін ашуға талпынған Қ. Бұғыбайды көреміз. Музыкалық комедия болғандықтан, дауысы жағымды өнер иесінің оң жамбасына келетін жанр Қасымханға өз көмегін тигізді. Сонымен бірге, өзінің алып келген бай қалыңдықты таныстыру сахналарында, Мелекпен таласып, бастығына жағымпазданған сахналарды Теректің мінез-құлқын, болмысын, іс-қимылын, әркетін өзінше жеткізуге тырысқан актердің ойынын байқаған едік.

Актер дүниеге келген уақытта «Атаманның ақыры» фильмі түсіріліп жатқан. Сонда Қасымханды сомдап жүрген өзінің қатты еліктеген актері Асанәлі Әшімов еді. «Қасымхандай батыр болсын, сол рөлді бейнелеген Асанәлі ағасына тартып әртіс болсын» – деп ырымдап қойылған есім екен. Сондықтан ес білгелі «...әнші боламын» деп армандаған Қасекеннің өнер жолына келуі заңды құбылыс. Дарынды актердің өнерде, әлі де аты тарихта калар «рөлдерді» сомдайды деп сенім білдіреміз.

Ләззат АЛПЫСБАЕВА,

«Театрану» мамандығының 3 курс студенті

Мир не без талантливых людей

Прежде чем начать свою маленькую статью хочу немного рассказать о себе – я, Арманкызы Дания студентка КАЗНУИ, по профессии «Культурологии» хотела бы поделиться с вами о студенческой жизни, а также о саморазвитии каждого студента в этом университете.

КАЗНУИ – один из молодых, перспективных учебных заведений в Республике Казахстан. Это место, в котором я могу реализовать себя. Для меня это второй дом, ведь здесь я провожу большую часть своего времени, занимаясь любимым делом. Университет является одним из способов познать людей и саму себя в этой жизни. Конечно, для меня немалую роль играет получение знаний, качественного образования. Университет отличный «мотиватор», заставляет действовать, бороться и каждый раз доказывать право на существование твоей личности. На мой взгляд, главный плюс нашего университета – профессиональный, педагогический состав. Потрясающий внутренний дизайн университета. Очень приятно находиться в стенах такого вуза, где каждый уголок играет большую роль в твоей жизни. Идея последовательного воспитания творческих личностей с первых шагов до полного овладения высшим профессиональным мастерством принадлежит знаменитой скрипачке, профессору Айман Мусаходжаевой.

Как то я прочитала ее высказывание: «Все, что даровано мне судьбой, хочу отдать людям». Действительно, какие прекрасные слова, я очень восхищаюсь этой женщиной. Ведь этот человек внес большой вклад в культуру нашей страны. А теперь я бы хотела поделиться с вами о талантливых личностях этого теплого уголка. Когда смотришь на талантливых людей, то понимаешь, что нет предела возможностям человека, и что каждый сам создает себя самого. Но, чтобы не потерять тот талант, который у тебя есть, нужно над собой много работать. Каждое дело требует тяжелого труда. В нашем университете много талантливых людей, но мало успешных. Мне кажется, главная проблема в том, что не каждый талантливый человек верит в себя и в свои силы. Если мы начнем просеивать через сито анализа все полезные качества, которыми хотели бы обладать, то увидим, что вера в себя оказывается настоящим золотым самородком. Можно быть умнейшим и красивейшим человеком, сильным атлетом или находчивым предпринимателем, но без веры в себя все эти свойства личности никогда не смогут проявить себя в полную меру.

В будущем я бы хотела сама преподавать в этом университете психологию карьерного роста. Только задумайтесь если каждый человек будет успешным, знаменитым, счастливым, богатым, будет по жизни ходит с высоко поднятый головой, то до какого уровня может подняться наша культура? ...

Дания АРМАНКЫЗЫ,
Студентка 1 курса, специальности «Культурология»

Сахна тілі. Оның негізгі ерекшеліктері.

Тіл – халық өмірінің айнасы, әр халықтың әдебиеті арқылы жүйелі қалыпқа түскен, әлеуметтік қызметі әр алуан қатынас құралы. Ол белгілі бір халықтың тарихи дамуын, философиялық көзқарасын көрсететін, уақыт алға жылжыған сайын дамып, жетіліп отырылатын құбылыс. Сондықтан да, тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Өйткені, әрбір адамға ана сүтімен дарып, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің, ұлттың мақтанышы, атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра.

Қоғамсыз тіл болмайды, тілсіз қоғам болмайды. Тіл қоғамда билеушілік, бағыт сілтеушілік рөл атқарады. Адамдардың өздері де өз тілінің құзырында болады. Тіл адамдарды сыртқы өмірімен байланысқа келтіретін «үшінші әлем», зор күш. Ал тіл мәдениетінің қайнар көзі – сахна тілі. Сахна тілі қанша көрермен отырса, сонша адамның құлағына кіріп, жүрегіне ұялап, жан дүниесін шымырлатып, көкірегіне сәулет түсіретін тіл болуы қажет. Тілді әдемі жаза білу бір, сөйлеу білу бар. Сонымен қатар, оны халыққа жеткізе білу бар. Сол тілді халыққа әдемі, мәнерлі, сазды жеткізе білу үшін сахна тілі ауадай қажет. Өйткені, драмадағы ең бастысы, ең шешушісі, ең негізгісі – тіл.

Сондықтан да, сахнада сөйлеу үлкен өнер. Біреудің ойын, жан сезімін, жүрек толғанысын өз сезіндей етіп жеткізу, сөйлеу нормаларын бұзбай, драматургтың ой-тербесін айна-қатесіз, көрермен құлағының құрышын қандырардай етіп жеткізу – қиынның қиыны. Сахна тілі – басты рөлді орындау барысында сөйлеуге машықтандыру, әрбір сөз мәнін түсініп, табиғатын тануға баулу; драмалық шығармаларды іріктеу, кейіпкер бейнесін аша түсетін штрихтарға талдау жасау, ондағы әр сөзге мән беру, оның орындауын, сахналық үлгісін жасау, тілдік сөз қорын байыту, мәнерін жетілдіру. Сауатты өрі мәдениетті адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айту да актерлер үшін сондай шарт. Сөйлеу техникасы көбіне-көп өз дауысын меңгеруіне байланысты. Ал, өз дауысын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, паузаға, дикцияға байланысты болады. Сөйлеу техникасын жете меңгерген актер драматург туындысының қасиетін, асыл құнарын тап басып жеткізуді қамтамасыз ете алады.



Сахнадағы кейіпкер бейнесінде жүрген актер өз рөлінің ерекшелігіне сәйкес. Егер сөздерді бұрып сөйлеу, кекештену, асығып, сөздің соңғы дыбыстарын айтпай қалу өз рөлімен байланысты болса, мұндай сөйлеу актердің дарындылығына, образды сомдаудағы шеберлігіне ерекше көмегін тигізеді. Яғни, сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасын қатар меңгеру қажет. Сөйлеу мәдениеті, анығын айтқанда, сөздерді білдірмек ойға сай етіп, дұрыс, дәл тандай білу болса, сөйлеу техникасы сол сөздерді тыңдаушыға жеткізетін дауыс құбылыстарын меңгеру екенін есте сақтаған жөн. Сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасынан хабардар болу, өзіңізді қоршаған ортаның талап деңгейінен шыға білу, тіптен күнделікті өмірде бір-екі ауыз пікір алысқан бейтаныс серігіңіздің сіздің әңгімеңізге риза болуы деп те түсінуге болады. Сондықтан да әрқашан сөйлеу мәнеріңізге көңіл аударған жөн.

Айман АЙМАҒАМБЕТ,
Астана қаласы №2 Өнер мектебі
«Театр өнері» бөлімінің оқытушысы



